

А. А. АЙТМУҚАШОВА

ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОР ЛЕКСИКАСЫНАН

Адам баласының өмірінде болатын әр түрлі оқиғалар — жас нәрестенің дүниеге келуі, көмелетке толған қыз бен жігіттің бас қосып, отау тігіп үйленуі, өлім-қазасияқты толып жатқан елеулі оқиғалардың бәрі де белгілі бір әдет-ғұрыптың, ру болып, ел болып сақтайтын әр түрлі кәделердің, жөн-жоралғылардың негізінде өтетін болған. Отбасылық, үй-ішілік тұрмыста әр түрлі әдет-ғұрыпқа, маусымдық салт-дәстүрге байланысты, діни наным-сенімдерге қатысты айтылатын өлең-жыр түрлері өте көп. Солардың қатарында мысалы, қыз ұзатып, келін

түсірумен байланыстылары да аса мол ұшырасады. Бұл салаға тойбастар, тойтарқар, жар-жар, сыңсу, беташар өлеңдері жатады. Мақалада солардың кейбірі ғана лексикалық жағынан қарастырылады.

*Жылда-жылда боғжама
Бояушы едім, жар-жар-ау
Бір міндеттен құтылдым,
Десін шешен, жар-жар-ау*

Осы жар-жардағы **боғжама** сөзі **боғ** түбірінен туындайды. Ұйғырша **боға жама** — «қыз жасауы» деген мағынаны білдіреді [Уйғ.РС: 210]. М.Қаш-

қари сөздігінде: **Боғ** — дорба, боқша деп түсіндіреді [МК 3: 181].

Э.Севортян оның мынадай мағыналарын көрсетеді:

I. 1) **Боғ** (турк., тур. диал., ДТС) — завязывать;
2) **Боғ** (турк., тур. диал, осм., тат., тув., уз.), **поғ** (сюг., алт. диал.), **поқ** (сюг.), **був** (кбал., ккал.), **бу** (кир., кар. т., каз.), **пу** (алт., тел.).

1. узел (тур. диал. ДТС), связка, узел (тур. диал.)
2. упакованные для перевозки вещи (ДТС), связанный пакет (тур.диал)

3. покрывка, обертка, кора дерева скатерть (тур. диал.)

4. дорожная сумка (ДТС)

II. 1. вязать, связывать, завязывать — турк., тур. диал. (завязывать отверстие мешка, мешочка, кисета и т.п.), ккбал., кир. (крепко завязывать), каз., ккал., уз. (крепко завязывать), сюг., хак. (о мешке), завязывать узел — тув., обвязывать, перевязывать — турк., уз., сюг., запаковывать — каз., ккал., связывать вместе (кир., каз.), связывать на крест — тар., перехватить, перехватом завязать — алт., алт. диал., затягивать, перетягивать — ккбал., уз., стягивать, сдергивать — аз., зашнуровывать — алт., тел.

2. перен. сковывать, стеснять — турк.

Производным от существительного **боғ**, образованным с помощью аффт. -а является глагол **боғ-а-мак** «завязывать» тур.диал [ЭСТЯ 1980: 166]. Не совсем ясна форма **боғчама** в староузбекском. Ее упоминает К.Брокельман без объяснений состава аффикса. Тот же аффикс в **боғжама** вместе с **боғажам/боғжам/боғжамай** приводится ҚТҚЭС и боғжама разъясняется как слияние из **боғ (а)** — «платок, в который заворачивают приданое невесты», «завязка» — **жам** — «имущество», «добро» [ЭСТЯ 1980: 251]. Ал Л.З.Будагов сөздігінде: **Боқша** — сверток для платья (род шерстяного чемодана) деп сипатталады [БСл, I: 455].

Э.Қайдар оның морфологиялық құрылымын бұдан сәл басқарақ түрде қарастырады. Ол «Парные слова в современном уйгурском языке» атты еңбегінде бұл сөздің I компонентін монғол тіліндегі «коржын» мағынасын білдіретін **богц** сөзімен байланыстырады, ал екінші компонентін парсы тілінің «киім-кешек» мағынасын білдіретін **жама** сөзімен байланыстырып, «қыз жасауы» деген мағынаны білдіреді» дейді. Сонымен бірге монғол тілінде **боғ** сөзімен түбірлес «Қалың мал, яғни күйеу жағынан қыз жағына беруге келіскен мал», «дүние» мағынасын білдіретін **богт** сөзі де

кездеседі. Э.Қайдар **боғжама** сөзінің қазақ тілінде де кездесетіндігін айтады: «Аналогичное образование имеется и в казахском языке **боғжама** (иногда) боқша в значении посуды (из кожи и кошмы) для хранения всяких лоскутьев и предметов рукоделия» [1]. Ал А.Махмұтов бұл сөзді екі түбірден **боғ** — «қыз жасауы» түйілетін ормал, «**жам**» — дүние, мүлік, ыдыс-аяқ деп түсіндіреді [ҚТҚЭС: 61, 62].

Деректер негізінде «түйін» мағынасын білдіретін **боғу**, «қоржын» мағынасындағы **богц**, «қалың мал» мағынасын білдіретін **богт**, «түйіншек, пакет» мағынасындағы **боқша**, «қыз жасауы» мағынасын білдіретін **боғажам** сөздері — бәрі **боғ** түбірінен пайда болған деп айтуға болады.

*Құнан қойын шайлатып сойдырған үй
Сөйлемес бөтен қазақ мен тұрғанда,
Аузымда тәңірі берген жел тұрғанда*

(Тойбастар)

Тәңірі — Ұлы Тәңірі [МК, 3: 504]. Қ. Ғабитханұлы еңбегінде тәңірі сөзіне байланысты мынадай деректер келтіреді: «**Тәңірі** — **Ұмай** қосағы — көк түрік дәуірінің туындысы. Осындай (*еркек* — аспан мен *ұрғашы* — жер қосағы) деген трафарет-модель одан кейін де, оларға дейінгі көшпелілер мифологиясында да болған тұрақты трафарет. Түркі мифологиясындағы Тәңірі — аспан құдайы. Ежелгі сенім бойынша ол аспанның рухы немесе иесі ретінде қабылданады.

Бұл сөздің тарихы туралы көптеген пікірлер бар. Ертедегі мифтік аңыз бойынша, *таң* және *іңір* деген екі періште жер тұрғындарының тыныс-тіршілігін күні бойына кезекпен қадағалап тұрады-мыс. Өз кезектерін қараңғылық түсер алдында ғана ауыстырады екен. *Таң* — күн ұйықтар орынға кеткенде, *іңір* — оның орнына қаруылға тұрады.

Осы екі арадағы мезгіл жер тұрғындары үшін қастерлі болған. Олар ерте жатқан беймезіл шақта ұйықтап қалған адамдардың ырыс-несібесі кем болады деп сенген. Бұл ұғым күнмен таласа жатпау, күнмен бірге түрегелу, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық деген өмірлік қағидаларда көрініс тапқан. Осы мифтік аңыз арқылы ғалымдар **тәңірі** этимонын «та» жоғары дегенді білдіретін, **тау**, **төбе**, **тақа**, **таңдай**, **тамақ**, **таңқы**, **танау**, **тамыздық**, **тамшы**, т.б. көптеген сөздер арқылы, ал **—ің** — «төмен» дегенді білдіретін: **еңіс**, **еңкіш**, **еңбек**, **еңсесі түсу**, **еңіреу**, т.б. сөздер арқылы түсіндіреді» [2].

Белгілі ғалым, тарихшы Сәбетқазы Ақатай **тәңірі** сөзінің этимологиясы жөнінде мынадай

пікір білдіреді: «Біздің пайымдауымызша, **тәңірі** сөзі күрделі. Ол екі түбірден: **таң** және **ер** деген екі бөліктен тұрады. **Таң** — күннің туар, шығар уақыты, ал **ер** күллі түркі тілдерінде — «ер, еркек, батыр» деген мағынаны білдіреді. Қазақ фольклорында **таң** сөзі жеке, ертедегі көне заманның құдайы ретінде қолданылады [3].

Әбілбек Нұрмағамбетов «Таныс сөздер төркіні» атты мақаласында бұл сөздің этимологиясына мынадай барлау жасайды: **Тәңірі** — түркі тілдеріне ежелден меншікті сөз. Сол кездердің өзінде бұл сөздің төрт түрлі мағынасы болған. Солардың ең алғашқысы, тұңғыш ұғымы — «аспан, көк». Екінші мағынасы, кейінгі дәуірлерде түркі тайпаларына араб, парсы тілдерінен ауысқан «алла, құдай» атаулары орнына жұмсалған. Бұл және кейінгі үшінші, төртінші мағыналар алғашқы «аспан», «көк» ұғымындағы «тәңірі» сөзінің туынды түсініктері екендігін ажырату қиынға соқпаса керек [ДТС, 544]. Мұның өзі табиғат пен адам баласын билейтін құдіретті мекені — аспан, көк деген сенімнен туғаны күмән келтірмейді», — деп жазады [4]. Шоқан Уәлиханов еңбектерінен біз: «Слово тэнгри еще при Чингис-хане магометане переводили словом алла, а европейцы — словом deus, так оно было в шаманстве близко к идее всемогущего существа, а в Малой Бухарии и теперь китайское тянь переводят персидским словом худа — «бог», деген сөздерді оқимыз [5]. Белгілі тілші, ғалым Ғ. Мұсабаев «түркі тілдеріндегі сөздердің ертедегі түбірі бір буынды сөз болған» деген ой айтады [6].

Байбота Қошым-Ноғай ежелгі түркі және көне қытай халықтарының бір-бірінен сөз алмасуы табиғи екендігін айта келіп, былай дейді: «Қазіргі күні Хантәңірі тауының атауы географиялық әдебиетте де қытайша тұлғасымен **Тянь-Шань** деп аталып келе жатқаны белгілі. Қазақ тіліне **тянь** — «тәңірі», **шань** — «тау» деп аударылады. Демек, **Тянь-Шань** атауы «Тәңірі тауы» деген ұғымды береді. Дұрысы, түркі тіліндегі **Хантәңірі** топонимі қытай тіліне **Тянь-Шань** деп тәржімеленген деп түсінгеніміз жөн. Бұдан біз **шың** және **шань** сөздерінің де түп-төркінінде туыстық жатқанын аңғарамыз» [7]. Ол **тәңірі** атауы екі сөзден: **таң** және **йер**, яки **кир** (жер) сөздерінің бірігуі арқылы жасалғанын жорамалдайды. Әйгілі ақынымыз Олжас Сүлейменов «АзиЯ» атты кітабында былай деп жазған болатын: «Жердің **йер** атауы ерте заманда халықаралық сөзге жататын, ол семит, герман және түркі тілдеріне енген болатын. Бәрі де бір нүктеден бас-

тау алғанымен, қосымшасыз таза күйінде бұл **йер** — **жер** көне тұлға тек түркі тілдерінде ғана сақталып қалды» [8]. Ол қазіргі түркі тілдерінде **жер** сөзінің **йер**, **йар**, **жер**, **джер**, **чер**, **дьер**, **тьер**, **кер**, **кир** тәрізді фонетикалық нұсқалары бар екендігін көрсете келіп, біздің дәуірімізге дейінгі төртінші мыңжылдықтың еншісіне тиетін шумер жазбаларында **жер** атауы **кир** деп таңбаланғандығына назар аудартады [8].

Олжас Сүлейменовтің «қадым замандарда **йер** атауы халықаралық сөз болған» дейтін пікірін **Тәңірі** атауында кездесетін **таң** тұлғасы жөнінде де айтуға болады. **Таң** сөзі көне түркі және қытай тілдерінде «аспан» деген мағынаға да ие болған. Ал **аспан** атауының тілімізге парсылардан ауысқандығы белгілі: «Аспан п. асман — небо» [АИС: 33].

Яғни есте жоқ ерте замандарда **таң** (**тиән** немесе **тянь**) және **жер** (**йер** немесе **кир**) сөздері ғана емес, бұл сөздердің бірігуі арқылы жасалған **Тәңірі** (Тәңірі) атауы да халықаралық ұғым болған деп тұжыруға болады. Біздің дәуірімізге дейінгі төртінші мыңжылдықта шумер тілінде **дингир** тұлғасында қолданылған бұл сөздің тарихы тым тереңде екені анық.

О. Сүлейменов шумер тіліндегі **дингир** (демер) атауының мәні — «құдай, аспан», ал **тингир** мен **тигир** — өзен аттары екенін айта келіп, бұл сөздердің түркі тіліндегі **тенгир** (**тегри**, **дангир**, **тенир**, **танир**) тұлғасымен салыстырады. **Тенгир** — көне түркі тілінде де — құдай, аспан. Ал қазіргі чуваш тілінде **менгир** тұлғасындағы сөз «теңіз» деген ұғымда қолданылады. Өзге түркі тілдерінде бұл ұғым **тенгиз** (**тениз**, **дениз**, **дангиз**) дыбыстық құрамында кездеседі. Демек, түркі тілдеріндегі **тәңірі** (**тәңірі**) және **теңіз** сөздерінің де бір тектен тарағанын аңғарамыз [9].

*Тауга бір біткен ошаған,
Жіберме мені босағам.*

(Сынсу)

Босаға — киіз үй есігінің екі жақ бөлшегі. Ол кепкен, түзу ағаштан жасалады. Босаға ағаштары киіз есік қана жабылатын қырсыз және сықырлауық орнатылатын қырлы, ұялы жақтаудан құрастырылады. Киіз үйдің тақтай есігін ағаш ұсталары, ал жай босағаны үйшілер жасайды. Кейде екі босағаның (таяныштын) алдында екі жерде алтын, күміс дінгектер, адалбақандар тұрады. Оған қару-құралдар мен киім-кешек ілінеді. Хан-сұлтаннар осындай босаға дінгектерге көбінесе айдаһар, арыстан сияқты қаһарлы жыртқыштардың суретін салдырып қоятын болған [10].

Севортян **босаға** сөзінің этимологиясын былай ашады:

Босаға — турк., тур. диал., кат., кар., ног., ккал., уз. диал., уз.; **босуға** уйг., уйг. диал., тув. диал.; **босоғо** кир., лоб.; **посоғо** алт. диал.; **бозаға** тув. диал.; **позаға** алт. диал.; **бозоғо** кир., алт.; **позоғо** алт., алт. диал.; **позағы** алт. диал.; **бусаға** аз. диал.; **бусеға** тур. диал.; **босағана** уз. диал.; **можого** як.; **басаға** кар.т.; **пусаға** чув.; **басағ.** тур. диал.

1. Порог (у двери) — во всех источниках; перен. порог, подступ к ч.-л. — уз.; шпала — уйг., алт.

2. Место в доме по обеим сторонам двери; место в кибитке у двери, с левой стороны входа (кир); место у двери лоб.; двери у палатки — алт.; задняя часть юрты — алт., алт. диал.

3. дверная рама, дверной косяк.

4. уступ у каменной горы, уступ у проруби, пространство между прорубью и выкопанною вокруг нее канавкой, уступ вдоль острия ножа, сильно сточенного — як.

5. стремя, лестница, решетка — чув.

6. перебор (каменистое место в реке) — тат.

7. шатер или двор князя (вост.-тюрк).

8. могила, гробница [ЭСТЯ, 1980: 198].

М.Рясянен **босаға** және басқаларды монғол тілінен өрбітеді. К.Менгестің де якут тіліндегі **босаға** жөніндегі пікірі осындай. Б.Базылхан оны мына түрде сипаттайды: **Босуға** > **босго** (**босаға**) — **босаға** [МҚТ: 107]. Сонымен **босаға** сөзі көптеген түркі тілдерінде «табалдырық» мағынасында қолданылады. Қазақтар түсінігінде **босаға** — есіктің екі жағындағы жақтауы. Бұл сөздің түбірі — **босоо** болуы ықтимал. Мұндай монғол тілінде — «тік», «тігі» мағыналарын меншіктенеді. Ал осы тілде: **босгох** — тік тұрғызу дегенге нұсқайды. Егер мандайша мен табалдырықты ұстап тұратын ағаштың көлбеп жатпай, тік қалпында тұруын ескерсек, бұл болжамның дұрыс екеніне көз жеткізуге болады [МҚС: 122].

Оу, халайық, халайық!

Көп отырдық думанмен,

Үркер ауып кетіпті

Той тарқарға салайық

(Тойтаркар)

Үркер жұлдызының қазақтар үшін әрі астрономиялық, әрі метеорологиялық мәні бар. Үркер деп аталатын бір топ шоқжұлдызға қарап отырған қазақтар ауа райының құбылуын, әр бөлігін ажырата білген. Қазақтар Үркердің аууынан күн райы өзгереді деп біледі. *Үркер ауып кетіпті, Той тарқарға салайық* — дегенді былай түсінуге бола-

ды: Үркер жаз ортасынан былай таң жарығында шығыста болады. «Маусымда Үркер таңмен аралас туады» дейді [11]. Сондықтан Үркер шығыстан туса, таң ататын уақыттың болғаны.

Үркер — жалпытүркілік лексикаға кіретін космонимдердің бірі. Қазақ, қарақалпақ тілінде — **үркер** [РСл I: 1837, БСл I: 154], қырғызда — **үркөр** [РСл I: 1837], түрікмен диалектісінде — **хуркөр** [12], Қазақстандық түріктер — **үңкөрлөр** [13], якутша — **үргел, үрга** [РСл I: 1839], түрікмен, түрік тілінде — **үлкер** [РСл I: 1857], башқұртта — **өлкөр**, алтай, хакаста — **үлгер** [РСл I: 1857], шор, леб, сағ, чувашта — **елкер** т.б.

Қазақ тіліндегі **Үркер** космонимінің тұлғалық нұсқаларына назар аударсақ, жалпы алғанда, бұл сөздің екі компоненттен тұратынын байқаймыз. Бірінші компоненттің **үр** немесе **үл** тұлғаларында келетінін аңғару қиын емес. Ал Э.В.Севортян **үл** компонентіндегі **л** дыбысын **...рк, ...р, ...лк, ...р** түріндегі дауыссыз дыбыстардың дистанттық диссимиляциясы нәтижесінде кейінірек пайда болған деп санайды. Сөйтіп ол **үркер** тұлғасын **үлгер, үлкөр** т.б. формаларына қарағанда бұрынрақ шыққан деген тұжырымға келеді [ЭСТЯ 1978: 631].

Луи Базен **үлкер** тұлғасына тоқталады да, мұндағы түбір **үл-к** деген «бөлу» мағынасындағы етістік, сондықтан **үлкер** атауы «бөлінуші, ажыратушы» мәндегі сөз дейді. З.Б.Мухамедованың жазуынша, Луи Базен бұл пікірін дәлелдеуге М.Қашқари сөздігіндегі **үлкер чериг** (әскердің бір тобы) тіркесін пайдаланған [14]. Луи Базен пікірімен сабақтас ойды К.Брокельман да айтқан [ЭСТЯ 1974: 631].

Дж.Клаусон **үркер** атауын осындай тұлғада келетін «тосқауылға тұрушылар» мағынасындағы әскери терминнің метафоралық қолданысынан пайда болған деп санайды. Өйткені бұл шоқжұлдыз кішкене жұлдыздар тобынан құралған [ЭСТЯ 631]. Ал Н.Х.Максютова башқұрт тіліндегі **өлкөр** космонимінің осы тілдегі **өлкән (үлкен, дәу)** сөзінен шыққан деген пікірді айтады [15].

Қазақ тіліндегі **үркер** космонимінің этимологиясы жөніндегі тұжырымын Т.Жанұзақов былайша баяндайды: «Біздің найымдауымызша, **үркер** сөзінің көне түбірі **ел** > **өл** болса керек. Оның бұл нұсқасы чуваш, алтай, хакас тілдерінде сақталған. Ал оның **үр** > **өр** түбірінің пайда болуы кейінгі этаптарға, яғни тарихы көне **л** дыбысының **р** дыбысына ауысуымен байланысты құбылыс. Демек, **ел** > **өл** > **өр** > **үр** сөздері тәркіндес, түбірлес деп білеміз. Себебі **үркер**

үнемі бір орында тұрмайды, ол ылғи жылжып, қозғалып отырады. ... Бір сөзбен айтқанда, **үркер** деп аталатын алты жұлдыз бір орында тұрмай, өріп жүреді. Сондықтан да оны **өркер**, яғни **үркер** ата-са керек. Ал сөз басындағы ерін дауысты **ө** өрпінің еріндік **ү** өрпіне ауысуы, яғни **ө~ү** боп өзгеруі тілдегі заңды құбылыс [16].

Венгер ғалымы, түрколог Ю.Немет **үркер** космонимін «аязды, желді үру» мәніндегі **үр** етістігінен шығарады да, **-кер** компонентін қандай да бір іс-қимылға бейімділікті білдіретін грамматикалық мағына үстейтін жұрнақ деп, мұны дәлелдеу үшін шағатай тілінен осындай жұрнақты **қачқұр** (қашқыр), **чыңғұр** (шиқан), **өткүр** (өткір) сөздерін мысалға келтіреді. Осындағы **-күр**, **-ғұр** жұрнақтары мен **Үлкер (үркер)** атауындағы **-кер** жұрнағы бір деп тұжырымдайды [17]. Осы пікірді Аронов та қуаттайды. Үркер шок-жұлдызы турасындағы түркі халықтарындағы кейбір мифологиялық түсініктер Ю.Немет тұжырымының негізсіз еместігін дәлелдей түседі. Атап айтқанда, якут халықтарының түсінігінде **Үргел** мен **Чолбон (Шолман)** жер бетіне үнемі суық айдайды, яғни үрлейді [18]. Тува халқы **үркерді** кейде **сооң ээзи** – «суық иесі» деп айтады [19]. Үркермен қатысты қазақ, алтай, тува, монғол халықтарындағы мұндай түсініктерді кезінде Г.Н.Потанин жазған еді [20]. Қазақтың «үркерлі айдың бәрі қыс» дегені де осы түсініктен шыққан [21].

Біз де **үркер** космонимі **үр** етістігі мен **-кер** жұрнағының қосылуынан жасалған деген пікірді құптаймыз. Оған дәлеліміз мынау: «Халықтың көпшілігі Үркердің 6 жұлдызын, көзі өткір адамдар 9 жұлдызын көреді. Іңір қараңғысындағы орнына қарай айтсақ, Үркер күздің басында (қыркүйек) шығыстан, қыстың басында (желтоқсанда) шығыстан, көктемнің басында (наурызда) батыстан көрінеді, ал жаздың басында (маусым) мүлде көрінбейді. Халық оны «Үркердің жерге түсуі» дейді. 40 күн шілде Үркердің осы көрінбейтін кезіне сәйкес келеді. Қазақ есепшілері Үркердің тууы мен батуын ұдайы қадағалап, бақылап отырған. Есепшілерден қалған тәжірибелік нұсқаулар мынадай: «Үркер жерге түспей жер қызбайды», «Үркер жерге түсерде, қой қыркылады», «Үркер туса сорпа ас болады» [22].

ӘДЕБИЕТ

1. *Кайдаров А.* Парные слова в современном уйгурском языке. Алматы, 1958. С. 117, 174.
2. *Ғабитханұлы Қ.* Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер: Филол. ф. к. ...дисс. Алматы, 1995. 6-б.

3. *Ақатаев С.* Күн мен көлеңке. Алматы: Жалын, 1990. 47-б.
4. *Нұрмағамбетов Ә.* Таныс сөздер төркіні // Көк Аспан – Қара Жер. 1993. №1. шілде, 64-б.
5. *Валиханов Ч.Ч.* Избранные произведения. М.: Наука, 1986. С. 306, 307.
6. *Мұсабаев Ф.* Қазақ тілі тарихынан. Алматы: Мектеп, 1988. 61-б.
7. *Қошым-Ногай Б.С.* Тіл ұшындағы тарих. Алматы: Жазушы, 2003. 91-б.
8. *Сулейменов О.* Азия. Алма-Ата: Жазушы, 1975. С. 212, 239.
9. *Сулейменов О.* Азия... С. 93.
10. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Қазақстан, 1969. 132-б.
11. *Әбішев Х.* Халық астрономиясы. Алматы, 1959. 114-б.
12. *Куреков.* Особенности туркменского языка Северного Кавказа (Ставрополя). Ч. 1, 2 (фон., лек., морф). Ашхабад, 1959. С. 256.
13. *Алиев Ф.Р.* Очерки по лексике языка турок Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1978. С. 24.
14. *Мухамедова З.Б.* Исследования по истории туркменского языка XI – XVI вв. Ашхабад: Ылым, 1973. С. 46.
15. *Максютова Н.Х.* Тюркская космонимия. Саранск, 1976. Вып. 4. С. 71.
16. *Жанұзақов Т.* Космонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Қаз ССР ҒА Хабаршысы. 1978. №6. 51-б.
17. *Немет Ю.* Названия созвездий Плеяд в тюркских языках // Вопросы тюркологии. Баку: ЭЛМ, 1971. С. 24.
18. *Эргис.* Очерки по якутскому фольклору. М., 1974. С. 131.
19. *Потанов.* Очерки народного быта тувинцев. М.: Наука, 1969. С. 291.
20. *Потанин Г.Н.* Очерки северо-западной Монголии. Сибирь, 1883. С. 193-204.
21. *Аронов Қ.* Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты. Филол. ф. к. ...дисс. Алматы, 1992. 72-б.
22. *Әбішев Х.* Халық...: 114. Уйг.РС – Уйгурско-русский словарь. Алма-Ата, 1961.
- МҚ – М.Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы: Хант, 1, 2, 3-т. 1997.
- ДТС – Древнетюркский словарь. Л., 1969.
- ЭСТЯ – Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1978, 1980, 1989.
- БСл – Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869, 1871. Т.1, 2.
- ҚТҚЭС – Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1996.
- АИС – Рүстемов Л.З. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 1989.
- МҚТ – Базылхан Б. Монгол-казах толь. Өлгей, 1984.
- МҚС – Монғолша-қазақша сөздік. Улан-Батор, 1954.
- РСл – Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Санкт-Петербург, 1893-1911. Т. I-IV.